

Жалпы орта мектептерде биология пәнін ағылшын тілінде қашықтан оқытуда тиімді онлайн платформалар

ӨМІРБЕК АЛИЯ АСҚАРҚЫЗЫ

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
«Биология» кафедрасының магистранты
Шымкент/Қазақстан, e-mail: omirbekaliya.1997.1994@mail.ru

ХАЛИКОВА ГҮЛМИРА САТЫБАЛДИЕВНА

а.ш.ғ.к, «Биология» кафедрасы қауым. проф. м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент/Қазақстан, e-mail: halikova_70@mail.ru

МУСАБЕКОВ АЙДОС ТУМЕНБЕВИЧ

PhD, «Биология» кафедрасының аға оқытушысы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент/Қазақстан, e-mail: doc-1982@mail.ru

Андатпа. Қазіргі таңда қашықтан білім беруге байланысты оқушылардың қашықтан білім алу деңгейі артып отыр. Қашықтан білім беру кезінде тек қана қиындықтар туған жоқ. Оқушылармен қатар оқытушыларға да көптеген мүмкіндіктер ашылды. Сабақтың құрылымына арналған дайын платформаларда дайын тапсырмалар бар екенін біле алды. Мақалада сол биологияны ағылшын тілінде беруде қашықтықтан білім беруде қолданылатын тиімді платформалар сипатталып, кері байланыс түрлерінің бірнеше түрлері айтылады. Қазіргі таңда Қазақстан жаңғыру үстінде, оқытушыларға қойылатын талапта күшейтілген. Көрсетілген платформардың мүмкіндіктері туралы анық көрсетілген. Қ.Р тұңғыш президенті үш тілді білім беру ұсынысымен оқытушыларды арнайы ағылшын тілі курстарына жіберіліп, оқушыларға сол оқытушылар ағылшын тілінде сабақ өтілуі тиіс болатын. Қ.Р тұңғыш президентінің жарлығы қаншалықты бүгінгі таңда іске асуда, сол мүмкіндікті оқытушылар қолданып жүргендігі жайында айтылмақ. Жалпы ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқушылардың білімін арттыруға және де практикалық түрде бұл технологияларды қолдана алатынымыз осы қашықтықтан білім беруде көзіміз жетті. Биологияны ағылшын тілде өтуде қашықтықтан білім беру мен дәстүрлі білім берудің айырмалары, оқушылар үшін қай платформа ыңғайлы немесе қиынға соқты сол жайында баяндалды. Бұл платформалармен жұмыс жасаудың кемшіліктері мен артықшылар көрсетілді.

Кілт сөздер: Қашықтан білім беру, online мектеп, надлет тақтасы, Flippity, Quizizz liveworksheets, ақпараттық коммуникациялық технологиялар.

Кіріспе

Қазіргі уақытта қашықтан оқыту әлемдегі білімі беру әдістеріне өзгерістер енгізуде. Қашықтан оқыту – заманауи білім алудың бір түріне айналды. Білім берудің цифрлық ресурстарын қолданысқа енгізіп заманауи ақпараттық технологиялар арқылы қажетті білімді қашықтан алуға мүмкіндік туды. Ақпараттық технологиялар мен цифрлық ресурстар білім беру платформаларын, компьютерлік құралдарды, бейне және аудио-жазбаларды, электронды кітапханаларды, мәліметтердің дерек қорын, сайт порталдарын, т.б. қамтиды. Қашықтан оқытудың ақпараттық кеңістікті де, оқыту ресурстарын да дамытып, білім берудің жаңа мүмкіндіктерін ашып отыр. Отандық педагогика ғылымында білім беру ұйымы жағдайында оқыту ресурстарын, оқытушылардың цифрлық сауаттылықтарын дамытуды жүзеге асыру туралы зерттеулердің жеткіліксіздігіне байланысты оны жан-жақты талдап, тиімділігін тәжірибеде қарастыру қажеттігі зерттеуіміздің мақсатын анықтады. Биологияны оқытуда заманауи технологияларды қолдана отырып көптеген платформалар арқылы кері байланыс жасау мүмкін болды. Зерттеуді кеңейте келе интернет желісінен көптеген платформалардың бар екенін анықталды. Ол платформалардың кейбір түрлері осы биологияны ағылшын тілде өткенде пайдалануға өте тиімді. Себебі дайын жаттығулар мен кері байланыс жасайтын әдістер. Ол оқушы үшін өте қызық және оқытушы үшін өте пайдалы әрі ыңғайлы. Қазіргі кезде сабақтардың онлайн форматта өтілуіне байланысты кері байланыстардың АКТ форматта өтілуі кең белең алды. Көптеген платформалардың мүмкіндіктерін мұғалімдер аша білді. Сабақтарды өте тез әрі тиімді етіп, барлық сыныптардың бір мезгілде кері байланыс алатын және оны программа өзі диаграммалармен көрсетіп беретін нәтижелерге қол жеткізе білді.

«Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаттарының бірі жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1-наурыздағы №205 Жарлығы). Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Қашықтан білім беруде тиімді платформаларды білу, нақтылау. Қол жетімді білім беру ресурстарына әдістемелік талдау, мұғалімдердің цифрлық ресурстармен жұмыс істеуге дайындық деңгейін және олардың даму жолдарын зерттеумен анықталады. Зерттеу барысында білім беру ұйымының қашықтан оқытудағы білім беру платформалары мен цифрлық ресурстарының тиімділігін зерттеу және сынақтан өткізу нәтижелеріне аралық талдау жасалады.

Зерттеудің өзектілігі елімізде болған пандемиялық жағдайда оқушылар қашықтан оқуын жалғасырды. Осы жағдайларда оқушылардың оқу үлгерімін

төмендетпейтін қашықтан берілетін тапсырмаларды платформалардың көмегімен қызықтыру. Сол платформаларға тоқталып, оқушының үлгерімін арттыру жолын қарастыру. Зерттеудің қосатын үлесі оқытушыларды онлайн платформалармен таныстыру.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері. Білім беру ұйымында қолжетімді білім беру ресурстарын талдай отырып оқытушылардың биология пәнін үш тілде өтуде қолданылатын ақпараттық технологиялары арқылы қашықтан оқытудың ресурстық-әдістемелік мүмкіндіктерін зерделеу. Осы мақсатқа жету үшін орындалатын міндеттер.

- биология сабағын ағылшын тілінде өтілетін мектептерді таңдау;
- оқытушылармен онлайн арқылы сұрақтар ұйымдастырып, платформалармен оқушыларды таныстыру.

- оқушылардың үлгерімін арттыратын платформаларды анықтау;
- зерттеу нәтижелерін талдау және қорытынды жасау арқылы биологияны ағылшын тілінде оқытуда қоланылатын платформалардың түрлерін анықтау;

Зерттеу нәтижесі мен болжамы – қашықтан білім беру ресурстарын тиімді пайдалану және оқытушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастыруға оң ықпал етеді. Өйткені, қашықтан оқыту технологиялары оқушының өз бетімен жұмыс істеу, іздену, шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысаны – Түркістан облысындағы №15 мектеп-гимназиясы, Шымкент қаласындағы Кембридж Лайн жеке меншік мектебі және Кентау қаласындағы ұлдарға арналған Қазақ-Түрік Лицейі.

Зерттеу материалы, эксперименті – 7, 8 сынып оқушылары. Эксперимент онлайн түрде оқушыларға сұрақтар беру және оқытушылардан алынған нәтиже бойынша зерттелді. Зерттеу әдістері – салыстырмалы, сандық, бақылау, эксперименттік, инновациялық.

Әдебиеттерге шолу

Оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін бар:

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала – объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

- оқытудың мақмұнын пәнаралық байланыстарды ұйымдастыру ақпараттарды бағдарламалап оқытуға жатады.

- инновациялық әдіс- тәсілдерді меңгеруде қоғам мен табиғат задылықтаын кіріктіре енгізу;

– жүйелі саналы мәдениет қалыптастыру «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда жүзеге асады;

– саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқушылардың инновациялық технологияларға деген қызығушылығын арттыру, мазмұнды оқыту орын алады;

– оқытушы өзінің шығармашылығын арттыру мақсатында, оқытушының білімін арттыру мақсатында іске асырылады;

– дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үдерісінде жеке тұлғаны ізгілікке, адамгершілікке, өзінің жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді (Көшімбетова, 2008: 246).

Оқытудың инновациялық технологияларына мыналар жатады:

– оқытудың интерактивті технологиялары. Оқытудың жаңа технологиялар қатарына жатады. Бұл жерде оқушының мұғаліммен ара-қатынасы, оқушының оқушымен ара- қатынасы және топпен ара қатынасы кеңейе түседі. Интерактивті технологияда интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақтың қызықты өтуіне ықпал етеді.

– жобалық оқыту технологиясы. Бұл технологияның басты ерекшелігі оқушының өзінің шешім қабылдауға, жоспар құруға, білімге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Жобалап оқытуға оқушылар тақырып таңдап, сол бойынша жоба қорғайды.

– компьютерлік технологиялар (Симоненко, 2005: 19).

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі. Жеке-жеке тоқталып өтсем:

1. Пән бойынша базалық білімді меңгереді. Кез-келген пәннің білуге тиісті маңызды мазмұны болды. Мысалға алатын болсам, биология пәнінде ең бастысы өсімдіктерге, жануарларға, адамдарға жалпы шолу жасалады немесе физикада біз қозғалысты, жолды есептейміз деген сияқты.

2. Біз алған білімімізді бір жүйге келтіре отырып оқимыз. Егер жүйемен оқымасак онда бір –бірімен сабақтар байланысы түсініксіз болады.

3. Біз күнделікті өзімізді бақылауда ұстауымыз керек. Егер бір күн кейінге қалса біз алған білімімізді қорытындылай алмай, түсініксіз болып кетеді.

4. Оқушының оқуға деген ынтасын арттырады.

5. Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру. Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады. Бастауыш сынып оқушыларының көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видео ақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады (Аймухамбетова, 2010: 25).

Нәтиже мен талдау

1. *Microsoft Forms*. Бұл платформа 2018-ші жылы пайда болған. Платформа кері байланыс жасауда таптырмас құрал болды. Бұл платформа арқылы оқушылар тест тапсырмасын түрлі әдістермен ұсыну арқылы кері байланыс ала алады және де мұғалімдерге рейтинг көрсету үшін ең тиімді әрі оңай тәсілдердің бірі. Бұл платформада оқушылар сабаққа деген көңіл-күйін білдіре алады. Және де сақталған мәліметтерді бірден Microsoft excel программасына көшіріп бере алады. (<https://www.microsoft.com/ru-ru/microsoft-365/online-surveys-polls-quizzes>).

2. *Padlet*. Падлет тақтасы оқытушылар үшін өте тиімді платформа. Бұл платформаның бірнеше мүмкіндіктері бар.

1. Жай ғана тақта

2. Лента түріндегі тақта.

3. Қатар орналасқан тақта

4. Бөлімдерге бөлінген тақта

5. Әңгімелесуге болатын тақта.

6. Карталар орналастырылған карта.

7. Схема түрінде тапсырмалардың бір-бірімен байланысып тұрған тақтасы.

8. Хронологиялық карта (<https://padlet.com/dashboard>)

3. *Күнделік*. Ол – оқушыларды бағалайтын платформа. (<https://portal.kundelik.kz/>)

4. *Online mектеп платформасы*. Бұл – мұғалімдер үшін де оқушылар үшін де керемет таптырмас платформа. Бұл платформада ұстаздарға арналған дайын сабақ жоспарлары тақырыптарына арналған жаттығулар бар. Бұл платформаның мүмкіндіктері: бейнеконференция жүргізу мүмкіндігі; оқушылар мен мұғалімдер үшін қолайлы сабақ кестесі; кері байланыс және сабақ кестесі негізінде бірегей үй тапсырмаларын құру мүмкіндігі; мұғалім мен сынып арасындағы және оқушымен жеке чат; оқушының сабаққа қатысуы мен үлгерімін көрсететін мониторинг; оқушыларды ынталандыруға арналған BilimBonus-тар (<https://onlinemektep.org/>).

5. *iМектеп* – бастауыш сыныптарға арналған таптырмас платформа. (<https://imektep.kz/kz/about>)

6. *Ориқ*-тің негізгі принципі – мұғалімдер мен оқушыларға жетекші мамандар құрастырған жоғары сапалы оқу әдебиетін ұсыну (www.oriq.kz).

7. *Дарын онлайн* – қазіргі уақытта танымал платформалардың бірі бірақ ақылы. Daryn.online – Қазақстандағы бонус төлеу арқылы баланың ынтасын арттыратын бірегей платформа. Қазақстандағы білім беру жүйесі зерттеліп, мемлекеттік стандартқа сәйкес пәндер бойынша жоспар құрастырылды. (<https://daryn.online/>).

8. *Flippity* – бұл әртүрлі интерактивті оқу жаттығуларының жиынтығын жасауға болатын веб-қызмет. Жұмыс істеу үшін сіз Google-ге тіркелуіңіз керек. Flippity-де көптеген жаттығулар жасауға болады (<https://www.flippity.net/>).

9. *Quizizz* (<https://quizizz.com/>) - викториналар, сауалнамалар, тестілер құруға арналған ыңғайлы онлайн қызметі. Quizizz көмегімен сіз әртүрлі тақырыптар бойынша тапсырмалар құра аласыз, Quizizz тәрбиешіге қандай пайда әкеледі? Оның көмегімен сіз:

- o тест немесе сауалнама жүргізу;
- o ойын немесе викторина өткізуге;
- o байқау ұйымдастыруға;
- o үй жұмысын ұйымдастыруға;
- o әр оқушының нәтижесін бақылау.

10. *Kahoot!* – мектептерде және басқа оқу орындарында сыныпта қолданылатын ойын оқыту платформасы. Сайт ойындар каталогын ұсынады Kahoot топтық сабақтарға арналған. Студенттер ортақ экранға жиналады – мысалы, интерактивті тақта, проектор немесе монитор. Ойын ойыны қарапайым: барлық ойыншылар құрылғыларында сұрақтарға бір уақытта жауап береді. Сұрақтар экранда оқушыларға бір-бірден көрсетіледі. Қатысушылар әр дұрыс жауап үшін ұпай жинайды. Викторинаның соңында экранда барлық қатысушылардың сұрақтарына жауап беру кезінде жинаған ұпай саны көрсетіледі (<https://kahoot.com/schools-u/>).

11. *Liveworksheets* – жұмыс парағының интерактивті тапсырмаларын электронды түрде құрудың қуатты және қарапайым құралы. Мұғалімге интерактивті жұмыс парағын құру үшін көптеген құралдар қажет. Бағаны ұсынғаннан кейін бірден есептейді және параққа жазылған бағалары бар орындалған тапсырмаларды мұғалім «www.liveworksheets.com» жолына жинақтайды (<https://infourok.ru/instrukciya-po-ispolzovaniyu-onlajn-servisa-liveworksheets-4350742.html>).

12. *Jam Board* – интуитивті виртуалды тақта, оны интернетте де, дәстүрлі сынып жұмыстарында да қолдануға болады (jamboard.google.com).

13. *Pear Deck* браузері қосымшасы Google Drive-пен синхрондалады және онда орналастырылған материалдарды пайдаланып интерактивті сабақтар дайындауға мүмкіндік береді. Мұғалім кез-келген үшінші тарап құралымен жасалған презентацияны қосымшаға жүктей алады. Студенттер белсенді сессияға өздерінің Google есептік жазбалары арқылы қосылады.

Презентациялық слайдтар мәтіндік ақпараттан бастап тәжірибені визуалдауға дейінгі әр түрлі мазмұнды қамтуы мүмкін. Pear Deck-тің «ерекшелігі» – бұл қосымшаның мұғалімге белсенді сессия кезінде бірден кері байланыс алуға және материалдың қаншалықты игерілгенін түсінуге мүмкіндік беруінде. «Жылдам сұрақ» құралдарының көмегімен сіз аудиторияға нақты уақыт режимінде сұрақтар қоя аласыз. Бұл жылжуға дайындық туралы қарапайым сұрақтар, тесттер және слайд кескінінде бірден белгілеу туралы өтініштер болуы мүмкін (<https://www.peardeck.com/remote-learning>).

14. *GoConqr* – оқыту курстарын құруға арналған заманауи ыңғайлы платформа (<https://www.goconqr.com/>).

15. *Online Test Pad* – бұл тестілер, сауалнамалар, логикалық ойындар және басқа қашықтықтан оқыту өнімдерін құруға арналған қызмет.

Платформада іске асырылған құралдардың әрқайсысында икемді теңшеу параметрлері бар. Мысалы, тест құрған кезде сіз сұрақтардың 17 түрін қолдана аласыз, қатысушыларды шақыру үшін сілтемені жариялай аласыз, корпоративтік порталға виджет орнатасыз және т.б (<https://onlinetestpad.com/>).

16. *Microsoft Teams* корпоративті міндеттерді бірлесіп шешуге арналған көп функционалды кросс-платформалық мессенджер болып табылады. Бұрын ақылы Office 365 жиынтығының тек бір бөлігі болса, енді командалар ақысыз қол жетімді. Мессенджер Windows, MacOS, iOS және Android платформаларына арналған. Оған хабарламалар, бірлескен чаттар мен конференциялар, файлдарды бөлісу және бірге редакциялау кіреді.

Мессенджер Office 365-пен интеграцияланған және Word, Excel, PowerPoint, OneNote, SharePoint және Power BI қосымшаларымен, сондай-ақ үшінші тарап қосымшаларымен ынтымақтастықты қолдайды. IOS және Android жүйелеріне арналған командалардың мобильді нұсқалары әрдайым өз тобыңызбен байланыста болуға және файлдарды қашықтан жіберуге және өңдеуге мүмкіндік береді (<https://www.comss.ru/page.php?id=5468>).

Үш мектептен жетінші, сегізінші сынып оқушылары алынды. Оқушыларды а (жоғары), в (орташа), с (төмен) деңгейлері бойынша төменде берілген тапсырмаларды сонымен қатар басқада платформаларда берілген тапсырмаларды орындады. Ол тапсырмалар онлайн платформалардан алынды. Зерттеу бойынша төменде көрсетілген сілтеме бойынша онлайн платформаларға кіріп оқушылар тапсырманы орындап, оны оқытушыға жөнелтеді.

<https://www.liveworksheets.com/el1273261tz>

<https://www.liveworksheets.com/nn1478428tv>

<https://www.liveworksheets.com/nz1549475nn>


<https://www.liveworksheets.com/pv1818350hy>

<https://www.goconqr.com/flashcard/1955401/aqa-biology-8-1-structure-of-dna>

<https://www.goconqr.com/flashcard/1689880/cell-structure>


Қазір төмендегі диаграммада оқытушылардан бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмасының нәтижелері көрсетілді және онлайн өтілген тапсырмалардың нәтижелері салыстырылды.

1-диаграмма. 7-сынып оқушыларының бөлім бойынша жиынтық бағалауының көрсеткіші.



1-ші диаграммада оқушылардың бөлім бойынша жиынтық бағалаудың қорытындысы оқытушылардан алынды. Нәтиже бойынша Кембридж Лайн жеке меншік мектептің оқытушысы А(жоғары) деңгей оқушылары 4,5 балға, Б(орташа) деңгей оқушылары 3,8 балға, С(төмен) деңгей оқушылары 3 балға жауап бергенін айтты. Қазақ-Түрік лицейінің оқытушысы А(жоғары) деңгей оқушылары 4,7 балға, Б(орташа) деңгей оқушылары 3,5 балға, С(төмен) деңгей оқушылары 3 балға жауап бергенін айтты. Гимназия мектебі А(жоғары) деңгей оқушылары 4,3 балға, Б(орташа) деңгей оқушылары 3,3 балға, С(төмен) деңгей оқушылары 3 балға жауап бергенін айтты. Жалпы жауаптарды ескерек отырып оқытушылар білім деңгейі төмен болғанын айтты. Себебі бастапқы жетінші сынып болғандықтан олар әлі ағылшын тілін жақсы меңгермеген.

2-диаграмма. Берілген тапсырма бойынша оқушыларды 100 пайыз көрсеткішпен есептегендегі нәтиже көрсеткіші.




2-ші диаграмма нәтижесі бойынша сыныпты 100 пайызға алып, тапсырма бойынша А(жоғары), Б(орташа), С(төмен) деңгейлері анықталды. Кембридж Лайн жеке меншік мектептің А(жоғары) деңгей оқушылары 50 пайызды, Б(орташа) деңгей оқушылары 38 пайызды, С(төмен) деңгей оқушылары 12 пайызды құрады. Қазақ-Түрік лицейінің оқытушысы А(жоғары) деңгей оқушылары 45 пайызды, Б(орташа) деңгей оқушылары 40 пайызды, С(төмен) деңгей оқушылары 15 пайызды құрады. Гимназия мектебі А(жоғары) деңгей оқушылары 40 пайызды, Б(орташа) деңгей оқушылары 35 пайызды, С(төмен) деңгей оқушылары 25 пайызды құрады. Нәтиже қанағаттандырды, себебі сыныптың жартысы өте жақсы жауап берді. Онлайн платформадаға тапсырмалар өте қиын емес, әрі қызықты.

Бұл көрсетілген платформалар ғана емес жоғарыда айтылған платформаларда да қосымша тапсырма ретінде жасауға болады. Ол платформаларда тапсырманы жасағанда бізге уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Сонымен қатар 8-ші сынып оқушыларынан да тапсырмалар алынды, себебі 7-ші сынып әлі дайындық сыныбы. Төмендегі диаграммада екі сыныптың салыстырмалы кестесі көрсетілді.

3-диаграмма. Екі сыныптың жалпы оқушылардың тапсырманы орындау деңгейі.



3-ші диаграмма нәтижесі бойынша Кембридж Лайн жеке меншік мектептің 7-ші сынып оқушылары 80 пайызды құраса, 8-ші сынып оқушылары 98 пайызды құрады. Қазақ-Түрік лицейінің 7-ші сынып оқушылары 88 пайызды, 8-ші сынып оқушылары 95 пайызды құрады. Гимназия мектебінің 7-ші сынып оқушылары 70 пайызды құраса, 8-ші сынып оқушылары 80 пайызды құрады. Соңғы нәтижеде 8-ші сынып оқушылары 7-ші сыныпқа қарағанда жақсы жауап берді. Олар ағылшын тілін жақсы меңгере басталғаны байқалады, тіпті жауап бергенде қысылмай оңай жауап берді.

Қорытынды

Онлайн платформалардың баланың білімін көтеруге, білімге қызықтыруға өте жақсы құрал бірақ бұл тапсырманы оффлайн түрде орындаса есте сақтауы ұзағырақ болады. Себебі баланың бір-бірімен ауызша тілдескені жақсы нәтиже береді. Оның үстіне желінің де нашарлығы баланың сабаққа деген ынтысын жояды. Зерттеу тек үш мектеппен тоқталып қалмады бұдан басқада көптеген жалпы орта мектептерден сұрастырылды. Қазіргі кезде сабақтардың онлайн болуына байланысты кең түрде зерттеу жүргізілмеді, бірақ көптеген мектептерге хабарласып сұрастырылды. Сонда байқалғаны жалпы орта мектепте кейбір мектептерде ғана болмаса, қалған мектептерде ағылшын тілін оқып келген оқытушылар өте аз. Оның үстіне кейбір жерде бар болғанымен тек термин сөздерді жаттаумен ғана шектелген. Үш тілге өткенімізбен әліде бұл жобаны қабылдай алмай жатқан секілдіміз, себебі оқушыларға бірден ағылшынша өту қиын. Қазіргі кезде 1-ші сыныптан, тіпті бала-бақшадан ағылшын тілі өтуде. Қазір олар қиналғанмен болашақта жоғары сыныптарда ағылшын тілін еркін білетін болады. Сонда барлық пәндерді де ағылшынша еркін өтеді. Ол үшін оқытушыда жоғары білімді маман болуы маңызды. Жұмыс жасаудан ерінбеу керек. Осындай платформаларды қолдану арқылы оқушыларға қызықты тапсырмаларды жасап, онымен қатар басқада оффлайн өтілгендегі әдіс-тәсілдерді де қолданылды. Оқушылардың білімді оңай әрі жеңіл қабылдаудың жолдарын қарастырылды. Бірақ, қазіргі уақытта карантинге байланысты оқытушыларды ағылшын курстарына баруы тоқтатылды. Болашақта бұл жоба қайтадан қолға алынып, үштілді білім беретін мемлекетке айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Аймухамбетова С.А. (2010) Интерактивные методы учебной деятельности // Қазақстан жоғары мектебі. №1. – Б. 25.

Көшімбетова С. (2008) Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері // Білім. – Б. 246.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016 жыл. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1-наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген.

Симоненко В.Д. (2005). Общая и профессиональная педагогика. – М.: Вентана-Граф. С. 19.

<https://www.comss.ru/page.php?id=5468> (қаралған уақыты: 28.01.2022).

<https://imektep.kz/kz/about> (қаралған уақыты: 28.01.2022).

<https://infourok.ru/instrukciya-po-ispolzovaniyu-onlajn-servisa-liveworksheets-4350742.html> (қаралған уақыты: 28.01.2022).

<https://infourok.ru/mnogofunkcionalnaya-interaktivnaya-onlajn-doska-google-jamboard-effektivnyj-instrument-organizacii-uchebnogo-processa-5122085.html> (jamboard.google.com.) (қаралған уақыты: 28.01.2022).

<https://onlinetestpad.com/> (қаралған уақыты: 28.01.2022).

www.opiq.kz (қаралған уақыты: 28.01.2022).

References

Aimuxambetova S.A. (2010). Interaktivnie metodi uchebnoi deiatelnosti [Interactive methods of educational activity]. Kazakistan jogari mektebi. Vol 1. P.25.

Kowimbetova S. (2008). Innovassialik texnologiani bilim sapasin koterude paidalanu mumkindikteri [Opportunities to use innovative technologies to improve the quality of Education]. Bilim. P. 246.

Kazakistan Respublikasinda bilim berudi jane gilimdi damitudin 2016-2019 jildarga arnalgan memlekettik bagdarlamasi. Astana, 2016 jil. Kazakistan Respublikasi Prezidentinin 2016 jilgi 1 naurizdagi № 205 jarligimen bekitilgen.

Simonenko B.D. (2005). Obwaia I professionalnaia pedagogika [General and professional pedagogy]. Moskova: Ventana-Graf. P. 19.

<https://www.comss.ru/page.php?id=5468> (date of address: 28.01.2022).

<https://imektep.kz/kz/about> (date of address: 28.01.2022)

<https://infourok.ru/instrukciya-po-ispolzovaniyu-onlajn-servisa-liveworksheets-4350742.html> (date of address: 28.01.2022).

<https://infourok.ru/mnogofunkcionalnaya-interaktivnaya-onlajn-doska-google-jamboard-effektivnyj-instrument-organizacii-uchebnogo-processa-5122085.html> (jamboard.google.com.) (date of address: 28.01.2022).

<https://onlinetestpad.com/> (date of address: 28.01.2022).

www.opiq.kz (date of address: 28.01.2022).

ОМИРБЕК Алия Аскарвна

Южно-Казахстанского государственного педагогического университета
Магистрант кафедры «Биология».
Шымкент/Казахстан, e-mail: omirbekaliya.1997.1994@mail.ru

ХАЛИКОВА Гулмира Сатыбалдиевна

Кандидат сельскохозяйственных наук, И.о. асс. Проф. кафедры «Биология»
Южно-Казахстанского государственного педагогического университета
Шымкент/Казахстан, e-mail: halikova_70@mail.ru

МУСАБЕКОВ Айдос Туменбаевич

PhD, старший преподаватель кафедры «Биология»
Южно-Казахстанского государственного педагогического университета
Шымкент/Казахстан, e-mail: doc-1982@mail.ru

Эффективные онлайн платформы для дистанционной биологии на английском языке в общих средних школах

Аннотация. В настоящее время можно отметить повышение уровня дистанционного обучения. В ходе работы было отмечено, что помимо недостатков наметились положительные стороны дистанционного обучения. Учителя наряду с учащимися получили возможность использования обширного материала по структуре уроков на специальных платформах. В данной статье перечислены разные виды обратной связи, указаны эффективные платформы и четко описаны возможности платформ, рекомендуемых к использованию при преподавании биологии на английском языке. Казахстан стоит на пути модернизации и соответственно завышаются требования к учителям. По предложению Первого Президента РК учителя были направлены на специальные курсы английского языка, а сейчас эти учителя используют приобретенные знания и навыки на своих уроках. Дистанционное обучение дает возможность ученикам увеличить знания за счет использования общих информационных и коммуникационных технологий, а также практического применения данных технологий. В данной работе описаны отличия дистанционного обучения от традиционного обучения, дана информация о том, какие инструменты, методы и платформы были эффективнее, удобнее или сложнее для получения качественного образования. Также указаны преимущества и недостатки работы с этими платформами.

Ключевые слова: Дистанционные обучение, online мектеп, платформа надлет, Flippity, Quizizz, liveworksheets, информационные и коммуникационные технологии.

ОМIRBEK Aliya Askarovna

Master's degree Department of Biology
South Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent / Kazakhstan, e-mail: omirbekaliya.1997.1994@mail.ru

HALIKOVA Gulmira Satibaldievna

Candidate of Agricultural Sciences, associate professor at South Kazakhstan State Pedagogical
University of Department of Biology
Shymkent / Kazakhstan, e-mail: halikova_70@mail.ru

MYSABEKOV Aidos Tumenbaevich

PhD, Senior teacher at South Kazakhstan State Pedagogical University
of Department of Biology
Shymkent / Kazakhstan, e-mail: doc-1982@mail.ru

Effective online platforms for remote Biology in English in general secondary schools

Abstract. *Currently, the level of distance learning of students is increasing because of distance education. In the course of the work, it was noted that in addition to the disadvantages, there were positive aspects of distance learning. There are many opportunities for both students and teachers: ready-made tasks on provided platforms depending on the structure of the lesson. The article describes the most effective platforms for distance learning of Biology of the English language and several types of feedback. Today, Kazakhstan is undergoing modernization, and the requirements for teachers have been strengthened. The capabilities of this platform are clearly indicated. According to the suggestion of the first President of the Republic of Kazakhstan, teachers were sent to special English language courses, where students were to study in English. They say that today the decree of the first President of the Republic of Kazakhstan is being executed, and teachers use this opportunity. We are convinced that we can use this distance learning. The differences between distance learning and traditional learning in teaching Biology in English are described, which platform was convenient or difficult for students. The advantages and disadvantages of working with these platforms are shown.*

Keywords: *distance learning, online mektep, platform padlet, Flippity, Quizizz liveworksheets, information and communication technology.*